



**«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Академия ректорының
2025 жылғы 7 тамыздағы № 545
бұйрығымен бекітілген

ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

Құжатталған рәсім

Басшылық тарапынан талдау

Астана, 2025 жыл

СОДЕРЖАНИЕ

1. Қолдану саласы	
2. Норматтік сілтемелер	
3. Терминдер мен анықтамалар	
4. Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау рәсімі	
4.1. Жалпы ережелер	
4.2. Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау мақсаттары.....	3
4.3. Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау рәсімі.....	4
4.4. ПКМЖ талдау үшін кіріс деректерін жинау.....	4
4.5. Кіріс деректерді талдау.....	4
4.6. Парақорлықпен күрес бойынша жиналыс өткізу.....	4
5. Жауапкершілік.....	6
5.1. Академияның жоғары басшылығы.....	6
5.2. ПКМЖ жауапты.....	7
5.3. Академия қызметкерлері	7
6. Жазбалар.....	7
Қосымша А Басшылық тарапынан талдау жүргізу жөніндегі нұсқаулық.....	8
Қосымша Б Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есеп нысаны.....	9

1. Қолдану саласы

Осы құжат «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Академия) Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – ПКМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді және Академияның жоғары басшылығы тарапынан ПКМЖ талдауын жүргізудің және оны үздіксіз жақсарту жөнінде басшылықтың шешімдер қабылдауының бірыңғай тәртібін белгілейді.

Осы құжатталған рәсім Академия қызметі шеңберіндегі барлық процестерге қолданылады және Академияның барлық қызметкерлерінің қолдануы үшін міндетті.

Құжат ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарын ескере отырып әзірленді.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:
ISO 37001:2016 «Anti-bribery management systems – Requirements with guidance for use»

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта ISO 19011 және ISO 37001:2016 белгіленген терминдер қолданылады.

4. Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау рәсімі

4.1. Жалпы ережелер

Академияның жоғары басшылығы ПКМЖ талдауын жылына 1 рет жүргізеді.

Талдау нәтижелері туралы құжатталған ақпарат Академияның ПКМЖ талдау нәтижелері туралы басшылыққа есеп түрінде жұмыс күйінде сақталады.

ПКМЖ жауапты Академия басшылығына есепті береді.

Есеп негізінде Академияның жоғары басшылығы ПКМЖ нәтижелілігіне, барабарлығына және қолайлылығына баға береді, сондай-ақ Академияның парақорлықпен күрес саласындағы саясаты мен мақсаттарын және жоспарланған ресурстарды нақтылайды, қайта қарайды, өзектендіреді.


4.2. Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау мақсаттары

ПКМЖ талдауын Академия басшылығы ISO 37001:2016 талаптарына, Академияның парақорлықпен күрес саласындағы мақсаттарына, парақорлықпен күрес саласындағы саясаттың талаптарына, Академияның нормативтік құжаттарына, сондай-ақ ПКМЖ жарамды, барабар және тұрақты жақсартуға және нәтижелі жұмыс істеуге бағытталғанын дәлелдеу мақсатында жүргізеді.

4.3. Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау рәсімі

Басшылық тарапынан ПКМЖ талдауын жүргізудің негізгі кезеңдері 1 суретте көрсетілген.

1 сурет



Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау рәсімі бойынша нұсқаулық А қосымшасында ұсынылған.

4.4. ПКМЖ талдау үшін кіріс деректерін жинау

ПКМЖ талдау үшін кіріс деректері келесі ақпаратты қамтуы керек:

- жоғары басшылық тарапынан ПКМЖ алдыңғы талдауларының нәтижелері;
- ПКМЖ әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар тарапынан өзгерістер;
- ПКМЖ алдыңғы аудиттерінің нәтижелері;
- ПКМЖ сәйкессіздіктерінің түзету әрекеттері мен үрдістерін талдау нәтижелері;
- ПКМЖ нәтижелілігін сандық бағалау нәтижелері;
- тергеу барысы немесе нәтижелері туралы ақпарат;
- парақорлықпен күрес саласындағы Академияның алдында тұрған тәуекелдерді талдау және бағалау нәтижелері;
- ПКМЖ жақсарту бойынша ұсыныстар.

4.5. Кіріс деректерді талдау

1. ПКМЖ алдыңғы талдау нәтижелері

Жоғары басшылық тарапынан ПКМЖ талдауын жүргізу үшін Академияның жоғары басшылығы тарапынан ПКМЖ талдауының нәтижелері бойынша құжатталған ақпарат пайдаланылады.

Құжатталған ақпарат және өткізу рәсімі Академияның осы ПКМЖ құжатына сәйкес жүргізіледі.

2. Сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруі

ПКМЖ әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі факторлар Академияның контекстін анықтайтын құжатталған ақпаратта анықталған.

Сыртқы және ішкі факторлар тарапынан өзгерістер туралы ақпарат ретінде пайдаланылуы мүмкін:

- Академияның және/немесе оның бөлімшелерінің құрылымын, мөлшерін, өкілеттіктерін және/немесе міндеттерін қозғайтын бұйрықтар, ережелер және өзге де құжаттар;
- Академия жұмыс істейтін немесе жұмыс істейтін орындар мен ұйымдар туралы ақпарат;
- парақорлықпен күрес саласындағы заңнамалық, нормативтік және жергілікті талаптардың өзгеруі туралы ақпарат;
- тәуекелдерге қатысты іс-шараларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар;
- жүргізілген алдын ала тексерулердің нәтижелері;
- басқа ақпарат.

3. ПКМЖ алдыңғы аудиттердің нәтижелері

ПКМЖ ішкі аудиттері мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

- ағымдағы жылға арналған ішкі аудит бағдарламасына;
- бағдарламаға сәйкес ішкі аудит жоспарларына.

Ішкі аудиттердің нәтижесінде ішкі аудиттердің нәтижелері бойынша құжатталған ақпарат қалыптастырылады, ол жоғары басшылық тарапынан ПКМЖ талдау рәсімі шеңберінде зерделеу элементі болып табылады.

Сондай-ақ сертификаттау жөніндегі орган (сертификаттау немесе инспекциялық аудит) не тапсырыс берушінің талабы бойынша екінші тарап жүргізетін сыртқы аудиттердің нәтижелері ескеріледі.

4. ПКМЖ сәйкессіздіктерінің түзету әрекеттері мен тенденцияларын талдау нәтижелері

Түзету іс-қимылдарының жоспары ағымдағы жылғы ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелерін талдау негізінде қалыптастырылады.

Сәйкессіздік тенденциялары, түзетулер және іске асырылатын түзету әрекеттері туралы, сондай-ақ оларды іске асыру (верификациялау) дәрежесін бағалау туралы ақпарат «Ішкі аудитор журналы» құжатталған ақпаратында қамтылады.

5. ПКМЖ нәтижелілігін сандық бағалау нәтижелері

Академия ПКМЖ нәтижелілігін бағалау кезінде мынадай критерийлерді пайдаланады:

- өткен жылы басшылық тарапынан ПКМЖ талдауының нәтижелері бойынша айқындалған іс-шаралар жоспарының орындалу көрсеткіші;
- ПКМЖ процестерінің нәтижелілігінің орташа көрсеткіші;
- тұтынушылардың қанағаттану деңгейі.

6. Тергеу барысы немесе нәтижелері туралы ақпарат

Талдау жүргізу үшін парақорлықпен күрес саласындағы тергеулердің барысы немесе нәтижелері туралы құжатталған ақпарат пайдаланылады. Мүмкіндігінше парақорлық проблемаларын шешумен (мүмкін) құжатталған ақпарат ұсынылады.

7. Тәуекелдерді талдау және бағалау нәтижелері

Құжатталған ақпарат негізінде Академия сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабына және Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау бойынша Үлгілік қағидаларға (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы) сәйкес жүргізеді. Академияда парақорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген шаралар мен жүзеге асырылып жатқан әрекеттердің нәтижелілігіне, жеткіліктілігіне және қолайлылығына талдау жүргізіледі.

8. ПКМЖ жақсарту бойынша ұсыныстар

Академияның ПКМЖ басшылық тарапынан талдау рәсімі шеңберінде жақсарту жөніндегі ұсынымдар ретінде мынадай құжатталған ақпарат қаралады:

- сыртқы және ішкі аудиторлардың есептеріндегі ұсыныстар.

Талдау нәтижелері бойынша ПКМЖ жауапты адам басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есеп қалыптастырады. Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есеп нысаны Б қосымшасында ұсынылған.

4.6. Парақорлықпен күрес бойынша жиналыс өткізу

Жоғары басшылық тарапынан ПКМЖ талдау жөніндегі есеп парақорлықпен күрес жөніндегі жиналыста қаралады, ол жылына 1 рет өткізіледі.

5. Жауапкершілік

5.1. Академияның жоғары басшылығы

Академияның жоғары басшылығы «Басшылық тарапынан талдау» рәсімі шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

- «Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау жөніндегі есепті» бекітеді;

- парақорлықпен күрес жөніндегі жиналысты өткізуді ұйымдастыруға басшылық етеді.

5.2. ПКМЖ жауапты

ПКМЖ жауапты «Басшылық тарапынан талдау» рәсімі шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

- басшылық тарапынан ПКМЖ талдау үшін қажетті деректерді жинауды және талдауды жүзеге асырады;
- «Басшылық тарапынан СМБВ талдау бойынша есепті» ресімдейді;
- парақорлықпен күрес жөніндегі кеңеске қатысады;
- парақорлықпен күрес жөніндегі жиналыстың хаттамасын ресімдейді;
- Академия қызметкерлеріне басшылық тарапынан ПКМЖ талдауының қорытындысы бойынша ақпаратты жеткізеді.

5.3. Академия қызметкерлері

Академия қызметкерлері «Басшылық тарапынан талдау» рәсімі шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

- жоғары басшылық тарапынан ПКМЖ талдауы үшін кіріс деректерін жинау және талдауда ПКМЖ үшін жауаптыға жәрдемдеседі;
- парақорлықпен күрес жөніндегі жиналысқа (қажет болған жағдайда) қатысады;
- басшылық тарапынан ПКМЖ талдау нәтижелері туралы ақпаратты зерделейді.

6. Жазбалар

«Басшылық тарапынан талдау» рәсімінің шығыс деректері:

- басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есеп;
- парақорлықпен күрес жөніндегі жиналыстың хаттамасы.

ҚОСЫМША А

Басшылық тарапынан талдау жүргізу жөніндегі нұсқаулық

Рәсім кезеңі	Іс-шаралар	Жауапты	Кезеңділігі (мерзімдері)	Шығыс деректер
Кіріс деректерді жинақтау	Барлық процедуралар мен процестер бойынша жазбаларды жинау	ПКМЖ жауапты	Жыл бойы	-
Кіріс деректерді талдау	Жиналған деректерге талдау және оларды өңдеу жүргізіледі	ПКМЖ жауапты	Жылына 1 рет	-
Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есепті ресімдеу	Жиналған және өңделген деректер басшылық тарапынан ПКМЖ талдау жөніндегі есепке жинақталады	ПКМЖ жауапты	Жаңа жылдың 15 қаңтарына дейін	Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есеп (Б қосымшасы)
Парақорлықпен күрес жөніндегі жиналыс өткізу	Ағымдағы жылы ПКМЖ жұмысының нәтижелері талқыланып жиналыс ұйымдастырылады; жаңа жылға арналған сапа саласындағы жоспарлы ақпаратты бекіту	ПКМЖ жауапты	Жаңа жылдың 20 қаңтарына дейін	Парақорлықпен күрес жөніндегі жиналыстың хаттама; Бекітілген басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есебі

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК
Құжатталған рәсім «Басшылық тарапынан талдау»
Нұсқа 1.0.

Қосымша Б

Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есеп нысаны

БЕКІТЕМІН

«Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясы» РМҚК ректоры

«_____» _____ 202__ жыл

20 ____ - 20 ____ ж.ж.

Басшылық тарапынан ПКМЖ талдау бойынша есеп

«Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясы» РМҚК ПКМЖ жауапты

ТАӘ

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1. БАСШЫЛЫҚ ТАРАПЫНАН ПКМЖ АЛДЫҢҒЫ ТАЛДАУЛАРЫНЫҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ
2. ПКМЖ ӘСЕР ЕТЕТІН СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ФАКТОРЛАРДЫҢ
ӨЗГЕРУІ
3. ПКМЖ АЛДЫҢҒЫ АУДИТТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
4. ПКМЖ СӘЙКЕССІЗДІКТЕРІНІҢ ТҮЗЕТУ ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ
5. ПКМЖ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Қорытындылар